Эмитенттің ағылшын тіліндегі толық атауы – Eurasian Development Bank
Эмитенттің ағылшын тіліндегі қысқартылған атауы – жоқ
Қазіргі қолданыстағы атаулары енгізілген күн: 12.01.2006ж.

1.2. Эмитент қызмет атқарған уақытта Эмитенттің атаулары мен ұйымдық-құқықтық нысанындағы өзгерістер туралы деректер

Эмитент қызмет атқарған уақытта Эмитенттің атаулары мен ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген емес.

1.3. Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі

Эмитентке салық органдары берген салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі

Банктік шоттар ашу үшін Эмитентке Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасында салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі берілген.

Салық органында есепке тұрғызу туралы куәлік – серия 77 № 0466851
(Ресей Федерациясының Салықтар мен алымдар министрлігі берген)
Есепке тұрғызылған күн: 10.10.2007
Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (СТСН): 9909220306
Есепке тұрғызу себебінің коды (КПП): 774763001
Куәлік берілген күн: 10.10.2007

Қазақстан Республикасының салық төлеушісінің куәлігі – серия 60 № 0050167
(«Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес берілген)

Салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеу күні: 19.06.2006
Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН): 600700574920
Куәлік берілген күн: 19.06.2006.

1.4. Байланыс ақпараты

Эмитенттің орналасқан жері: Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Эмитенттің тұрақты әрекет ететін атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Достық даңғылы, 220-үй

Эмитентке пошта хат-хабарын жіберу үшін басқа мекенжай: Ресей Федерациясы, 109240, Мәскеу қ., Б.Ватин түйық көшесі, 3-үй.

Телефон нөмірі: +7 (727) 244 40 44;

Факс нөмірі: +7 (727) 244 65 70;

Электронды поштасының мекенжайы: info@eabr.org;

Эмитент, орналастырылған және/немесе орналастырылатын бағалы қағаздар туралы ақпарат қол жетімді болатын Интернет желісіндегі бет (беттер) мекенжайы: <http://www.eabr.org/r/investors/>

Акционерлермен және эмитент инвесторларымен жұмыс істейтін Эмитенттің арнайы бөлімшесінің орналасқан жері, телефон және факс нөмірі, электронды поштасының мекенжайы, Интернет желісіндегі бет мекенжайы: Корпоративті қаржыландыру басқармасы Капитал нарықтарындағы жұмыс бөлімі

Орналасқан жері: Ресей Федерациясы, 109240, Мәскеу қ., Б.Ватин түйық көшесі, 3-үй

Құжаттағы ақпараттың шынайы болуы үшін жауапкершілік көтеретін Эмитенттің бөлімшесі: Корпоративті қаржыландыру басқармасы Капитал нарықтарындағы жұмыс бөлімі

Орналасқан жері: Ресей Федерациясы, 109240, Мәскеу қ., Б.Ватин тұйық көшесі, 3-үй
Телефон нөмірі: Телефон: +7 (495) 258 27 60 / +7 (495) 645 04 45
Факс нөмірі: +7(495) 645 04 41
Электронды поштасының мекенжайы: capital@eabr.org
Интернет желісіндегі бет (беттер) мекенжайы: www.eabr.org

1.5. Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері

Толық фирмалық атауы: Санкт-Петербург қ. Филиал
Орналасқан жері: Ресей Федерациясы, 191014, Санкт-Петербург қ., Парадная к-сі, 7-үй
Ашылған күні: 19 қазан 2007 жыл
Басшысының аты-жөні: Кузьмин Дмитрий Евгеньевич

Толық фирмалық атауы: Мәскеу қ. Өкілдік
Орналасқан жері: Ресей Федерациясы, 109240, Мәскеу қ., Б. Ватин тұйық көшесі, 3-үй
Ашылған күні: 01 қараша 2006 жыл
Басшысының аты-жөні: Капитонов Алексей Анатольевич

Толық фирмалық атауы: Астана қ. Өкілдік
Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қонаев к-сі, 33-үй, «Астаналық» бизнес орталығы, 11-қабат
Ашылған күні: 02 қазан 2006 жыл
Басшысының аты-жөні: Шаймарданов Ербол Рашатович

Толық фирмалық атауы: Минск қ. Өкілдік
Орналасқан жері: Беларусь Республикасы, 220030, Минск қ., Мясников к-сі, 70-үй, 310-офис
Ашылған күні: 28 шілде 2009 жыл
Басшысының аты-жөні: Гуляев Виктор Иванович

Толық фирмалық атауы: Душанбе қ. Өкілдік
Орналасқан жері: Тәжікстан Республикасы, 734012, Душанбе қ., Айни к-сі, 24а үй, «С.А.С» бизнес орталығы, 4-қабат
Ашылған күні: 29 маусым 2009 жыл
Басшысының аты-жөні: Ойнаров Галымжан Рыскулулы

Толық фирмалық атауы: Ереван қ. Өкілдік
Орналасқан жері: Армения Республикасы, 0010, Ереван қ., В.Саргсян к-сі, 26/1 үй, «Эребуни-Плаза» бизнес орталығы, 8-оқабат, 811-офис
Ашылған күні: 27 шілде 2009 жыл
Басшысының аты-жөні: Елизаров Сергей Владимирович

Толық фирмалық атауы: Бішкек қ. Өкілдік
Орналасқан жері: Қырғыз Республикасы, 720040, Бішкек қ., Эркиндик бул.
Ашылған күні: 16 ақпан 2012 жыл
Басшысының аты-жөні: Широков Андрей Германович

1.6. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер

5 соңғы аяқталған қаржы жылы ішіндегі, егер эмитент 5 жылдан аз қызмет атқарған болса, әр аяқталған қаржы жылы үшін эмитентке белгілі кредиттік рейтингер

Рейтинг берілген нысан: **Эмитент**
Облигациялық бағдарлама проспектіне қол қойылған күнгі кредиттік рейтинг мәні: **BBB/F2/On**
Кредиттік рейтинг берген ұйым:
Толық фирмалық атауы: **Fitch Ratings Ltd.**
Қысқартылған фирмалық атауы: **Fitch**

Орналасқан жері: **30 North Colonnade, Canary Wharf, London E14 5GN, Great Britain**

Кредиттік рейтинг беру әдістемесінің сипаттамасы немесе кредиттік рейтинг игеру әдістемесі туралы ақпарат орналастырылған (жарияланған), еркін пайдалануға болатын Интернет желісіндегі беттің мекенжайы: **Кредиттік рейтинг беру әдістемесімен рейтинг агенттігінің Интернеттегі ресми желісінде келесі мекенжай бойынша танысуға болады: www.fitchratings.com**

Есеп тоқсаны аяқталған күнінің алдындағы 5 соңғы аяқталған қаржы жылы ішіндегі, егер эмитент 5 жылдан аз уақытта қызмет атқарса, есеп тоқсаны аяқталған күннің алдындағы әр аяқталған қаржы жылы үшін кредиттік рейтинг мәндерінің өзгеру тарихы, кредиттік рейтинг мәндерін және кредиттік рейтинг беру (өзгеру) күндерін көрсетіп.

Берілген күні	Кредиттік рейтинг мәндері
29.12.2011	BBB/F2/Оң
31.12.2010	BBB/F2/Оң
10.02.2009	BBB/F3/Теріс
11.11.2008	BBB+/F2/Теріс
08.11.2006	BBB+/F2/Тұрақты

Рейтинг берілген нысан: **Эмитент**

Облигациялық бағдарлама проспектіне қол қойылған күнгі кредиттік рейтинг мәні: **A3/P-2/Тұрақты**

Кредиттік рейтинг берген ұйым

Толық фирмалық атауы: **Moody's Investors Service INC.**

Қысқартылған фирмалық атауы: **Moody's**

Орналасқан жері: **7 World Trade Center at 250 Greenwich Street, New York, NY 10007**

Кредиттік рейтинг беру әдістемесінің сипаттамасы немесе кредиттік рейтинг игеру әдістемесі туралы ақпарат орналастырылған (жарияланған), еркін пайдалануға болатын Интернет желісіндегі беттің мекенжайы: **Кредиттік рейтинг беру әдістемесімен рейтинг агенттігінің Интернеттегі ресми желісінде келесі мекенжай бойынша танысуға болады: www.moody.com**

Есеп тоқсаны аяқталған күнінің алдындағы 5 соңғы аяқталған қаржы жылы ішіндегі, егер эмитент 5 жылдан аз уақытта қызмет атқарса, есеп тоқсаны аяқталған күннің алдындағы әр аяқталған қаржы жылы үшін кредиттік рейтинг мәндерінің өзгеру тарихы, кредиттік рейтинг мәндерін және кредиттік рейтинг беру (өзгеру) күндерін көрсетіп

Берілген күні	Кредиттік рейтинг мәндері
19.03.2012	A3/P-2/Тұрақты
01.09.2011	A3/P-2/Тұрақты
01.02.2007	A3/P-2/Тұрақты

Рейтинг берілген нысан: **Эмитент**

Облигациялық бағдарлама проспектіне қол қойылған күнгі кредиттік рейтинг мәні: **BBB/A-2/Тұрақты**

Кредиттік рейтинг берген ұйым

Толық фирмалық атауы: **Standard&Poor's Credit Market Services Europe Ltd., (a division of the McGraw-Hill Companies, INC)**

Қысқартылған фирмалық атауы: **Standard&Poor's**

Орналасқан жері: **20 Canada Square, Canary Wharf, London E14 5LH.**

Кредиттік рейтинг беру әдістемесінің сипаттамасы немесе кредиттік рейтинг игеру әдістемесі туралы ақпарат орналастырылған (жарияланған), еркін пайдалануға болатын Интернет желісіндегі беттің мекенжайы: **Кредиттік рейтинг беру әдістемесімен рейтинг агенттігінің Интернеттегі ресми желісінде келесі мекенжай бойынша танысуға болады: www.standardandpoors.com**

Есеп тоқсаны аяқталған күнінің алдындағы 5 соңғы аяқталған қаржы жылы ішіндегі, егер эмитент 5 жылдан аз уақытта қызмет атқарса, есеп тоқсаны аяқталған күннің алдындағы әр аяқталған қаржы жылы үшін кредиттік рейтинг мәндерінің өзгеру тарихы, кредиттік рейтинг мәндерін және кредиттік рейтинг беру (өзгеру) күндерін көрсетіп

Берілген күні	Кредиттік рейтинг мәндері
30.08.2012	BBB/A-2/Тұрақты
10.02.2012	BBB/A-3/Тұрақты
15.11.2011	BBB/A-3/Тұрақты
18.08.2010	BBB/A-3/Тұрақты
08.01.2010	BBB/A-3/Тұрақты
08.12.2008	BBB/A-3/Теріс
30.11.2006	BBB+/A-2/Тұрақты

1.7. Эмитенттің аудиторы (аудиторлары) туралы мәліметтер

А) Толық атауы: «КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қысқартылған атауы: «КПМГ Аудит» ЖШС

СТН 600700072922

БСН 930 840 000 232

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Достық д-лы, 180, «Көктем» бизнес орталығы, 7-кабат

Тел.: +7 (727) 298 08 98

Факс: +7 (727) 298 07 08

Электронды поштасының мекенжайы: company@kpmg.kz

Интернет желісіндегі бет мекенжайы: www.kpmg.kz

Аудитордың лицензиясы туралы деректер:

Лицензия нөмірі: №0000021

Берілген күні: 06.12.2006 ж.

Жарамдылық мерзімі: мерзімсіз

Лицензияны берген орган: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС «Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі болып табылады, Қазақстан Республикасы, 050036, Алматы қ., Әуезов ауданы, 6-ықш. ауд., 56-үй, №33, 34-оф.

Аудитор Халықаралық қаржы есептілік стандарттарына (бұдан былай – ХҚЕС) сәйкес құрастырылған, 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы Эмитенттің қаржы есептілігіне тәуелсіз тексеру жүргізді.

Б) Толық атауы: «Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қысқартылған атауы: «Делойт» ЖШС

СТН 600900058891

БСН 190501832

Орналасқан жері: Алматы Қаржы Орталығы, Әл-Фараби д-лы, 36, «В» ғимараты, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

Тел.: +7 (727) 258 13 40

Факс: +7 (727) 258 13 41

Электронды поштасының мекенжайы: almaty@deloitte.kz

Интернет желісіндегі бет мекенжайы: www.deloitte.kz

Аудитордың лицензиясы туралы деректер: Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия

Лицензия нөмірі: 0000015, Серия МФЮ-2

Берілген күні: 13 қыркүйек 2006 жыл

Жарамдылық мерзімі: мерзімсіз

Лицензияны берген орган: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

«Делойт» ЖШС «Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі болып табылады, Қазақстан Республикасы, 050036, Алматы қ., Әуезов ауданы, 6-ықш. ауд., 56-үй, №33, 34-оф.

Аудитор ХҚЕС сәйкес құрастырылған, 2010, 2009, 2008 және 2007 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы Эмитенттің қаржы есептілігіне тәуелсіз тексеру жүргізді.

1.8. Эмитенттің басқару органдарының құрамына кіретін тұлғалар

Эмитенттің басқару органдарының құрылымы:

Банкті басқаратындар:

1. Банк Кеңесі
2. Банк Басқармасы
3. Банк Басқармасының Төрағасы

Банк Кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылық жасайтын жоғарғы басқару органы болып табылады. Банк Кеңесі жыл сайын уәкілетті өкілдерінің бірін Банк Кеңесінің Төрағасы ретінде сайлайды, ол Банк Кеңесінің келесі Төрағасы сайланғанға дейін міндеттерін атқарады.

Банк Басқармасы Банктің тұрақты әрекет ететін алқалық атқарушы органы болып табылады. Банк Басқармасының Төрағасы Жарғымен және Банк Кеңесінің шешімдерімен анықталған құзыреті мен құқықтары шеңберінде Банк пен Басқарма қызметін басқарады.

Банк Кеңесінің құрамы

Аты-жөні, лауазымы	Туылған жылы
Жамишев Болат Бидахметович (Төрағаның орынбасары) – Қазақстан Республикасы Қаржы министрі	1957
Рау Альберт Павлович – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі	1960
Силуанов Антон Германович – Ресей Федерациясы Қаржы Министрі	1963
Каламанов Георгий Владимирович – Ресей Федерациясы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары	1976
Габриелян Ваче Вазгенович - Армения Республикасы Қаржы министрі	1968
Исаян Иосиф Георгиевич - Армения Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрінің орынбасары	1949
Наджмиддинов Сафарали Махсуддинович – Тәжікстан Республикасы Қаржы министрі	1951
Рахматбоев Шухратджон Максуджонович - Тәжікстан Республикасы Инвестициялар және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының бірінші орынбасары	1970
Снопков Николай Геннадьевич - Беларусь Республикасы Экономика министрі	1969
Сариев Темир Аргембаевич – Қырғыз Республикасы Экономика және монополияға қарсы саясат министрі	1963
Лаврова Ольга Владимировна - Қырғыз Республикасы Қаржы министрі	1956

Эмитенттің дара атқарушы органы (Банк Басқармасының Төрағасы)

Аты-жөні, лауазымы	Туылған жылы
Финогенов Игорь Валентинович , Басқарма төрағасы	1959

Банк Басқармасының құрамы

Аты-жөні, лауазымы	Туылған жылы
Финогенов Игорь Валентинович - Басқарма төрағасы	1959
Болясников Виктор Иванович - Басқарма төрағасының орынбасары	1955
Журба Дмитрий Геннадиевич - Басқарма төрағасының орынбасары	1966
Джаукенов Марат Амангельдиевич - Басқарма төрағасының орынбасары	1970
Жужлев Геннадий Ефимович - Басқарма төрағасының орынбасары	1975
Шаталов Сергей Иванович - Басқарма төрағасының орынбасары	1957
Красильников Дмитрий Юрьевич - Басқарма мүшесі, Корпоративтік қаржыландыру жөніндегі басқарушы директор	1968
Ясинский Владимир Адольфович - Басқарма мүшесі, Талдау жұмысы жөніндегі басқарушы директор	1956
Мухамбетжанов Берик Копжасарович - Басқарма мүшесі, Қаржы жөніндегі басқарушы директор	1972
Елагин Сергей Николаевич - Басқарма мүшесі, Қазынашылықтың басқарушы директоры	1971

II. ЭМИТЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

2.1. Эмитенттің құрылу және даму тарихы

Эмитент халықаралық қаржы ұйымы – көп тарапты даму банкі болып табылады, 2006 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында жасалған Құру туралы келісімге сәйкес құрылған. Эмитент қызметін 2006 жылғы 16 маусымда бастады. Эмитент Құру туралы келісім мен Банк Жарғысының негізінде құрылған, 3(2) бабына сәйкес Эмитент қатысушы мемлекеттердің аумағында заңды тұлға құқықтарын пайдаланады.

2006 жылғы 17 маусымда Эмитент Қазақстан Республикасының Үкіметімен Қазақстан Республикасында болу талаптары туралы келісімге қол қойып, 2007 жылғы 11 қаңтарда ратификациялады, 2008 жылғы 7 қазанда Эмитент Қазақстан Республикасының Үкіметімен осындай келісімге қол қойып, 2009 жылғы 27 желтоқсанда ратификациялады. Осы келісімдер Жарғыға сәйкес қызмет атқару үшін тиісті қатысушы мемлекеттердің аумағында Эмитенттің құқықтық болу шарттарын анықтайды.

Эмитент 1 500 000 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі жарғылық капиталмен құрыған, оның 1 000 000 000 АҚШ долларын Ресей Федерациясы, ал 500 000 000 АҚШ долларын Қазақстан Республикасы төлеген.

2008 жылғы 11 желтоқсанда Банк Кеңесі Армения Республикасының, Беларусь Республикасы мен Тәжікстан Республикасының өтініштерін қарастырып, олардың Банктің жаңа қатысушылар құрамына кіруін мақұлдады. Аталған мемлекеттер Банкке қосылу туралы ұлттық заңдарын қабылдап және Банкті құру туралы келісімді ратификациялап, Банкті құру туралы келісімге қосылды.

2011 жылғы 28 маусымда Банк Кеңесі Қырғыз Республикасының Банк құрамына кіруін мақұлдады. Банк пен Қырғыз Республикасы осы ел аумағында Банктің болу шарттары туралы келісімге қол қойды. Осылайша, Қырғыз Республикасы ЕАДБ кірумен байланысты барлық қажетті ресімдерді аяқтап және жарғылық капиталға 100 мың долл. аударып, Банктің алтыншы толық құқылы қатысушысына айналды. 2011 жылғы желтоқсан

айында Банк Кеңесі Қырғыз Республикасында Банк Өкілдігін ашу туралы шешім қабылдады. Бішкек қ. Өкілдік 2012 жылғы 16 ақпанда ашылды. Қырғызстан аумағында ЕАДБ болу шарттары туралы келісім Банкке Қырғыз Республикасында инвестициялық жобаларды белсенді жүзеге асыру үшін кірісуге мүмкіндік береді.

Осылайша, осы Облигациялық бағдарлама проспекті бекітілген күні Банктің жарғылық капиталы келесі қатысушы мемлекеттердің үлестерімен берілген: Ресей Федерациясы - 1 000 000 000 АҚШ доллары, Қазақстан Республикасы – 500 000 000 АҚШ доллары, Тәжікстан Республикасы – 500 000 АҚШ доллары, Армения Республикасы – 100 000 АҚШ доллары, Беларусь Республикасы – 15 000 000 АҚШ доллары және Қырғыз Республикасы – 100 000 АҚШ доллары.

Банкке мүше болу жаңа қатысушы мемлекеттер немесе халықаралық ұйымдар үшін ЕАДБ құру туралы келісімге қосылу арқылы ашық. Эмитенттің стратегиялық мақсаты қатысушы мемлекеттердің нарық экономикасын дамытуға, экономикалық өсуге, инвестициялық қызмет атқару арқылы олардың арасында сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге көмектесу болып табылады. ЕАДБ бірыңғай экономикалық кеңістіктегі қаржы инфрақұрылымының шоғырландырылған элементіне, ЕурАзЭҚ аумағында интеграцияланған процестерді тереңдетуге қатысушы мемлекеттердің серіктесі деп танылған.

Эмитенттің негізгі қызмет түрлері кредит-инвестициялық қызмет, ақпараттық-талдау қызметі, қаржы ресурстарын тарту, халықаралық ынтымақтастық болып табылады. Эмитент кредиттік және инвестициялық саясатына сәйкес орта және ірі орта мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды, соның ішінде қатысушы мемлекеттердің өнеркәсіптік, инновациялық, интеграциялық даму бағдарламаларын қаржыландырады. Сондай-ақ Эмитент аймақ аралық мәні бар инвестициялық жобалар үшін қаржы бөледі және қатысушы мемлекеттердегі өнеркәсіптік кәсіпорындарға несие береді. Эмитент инвестициялық мүмкіндіктері, ақша-несие саясаты, сондай-ақ банк қызметімен және валюталық реттеумен байланысты заң мәселелері бар қатысушы мемлекеттердің экономикасы мен қаржы нарықтарының жайы туралы ақпаратты жинап, талдайды. Эмитенттің ойынша, бұл қызмет инвестициялық қызмет үшін маңызды қолдау болып табылады. Эмитент Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан былай – БҰҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (бұдан былай – ШЫҰ), ЕурАзЭҚ сияқты халықаралық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастығын кеңейтуде.

Эмитенттің құқықтық мәртебесі

Эмитенттің қызметі халықаралық құқықпен реттеледі, халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесі Эмитентті қатысушы мемлекеттердің аумағында салықтар төлеуден және қатысушы мемлекеттердің **уәкілетті** органдарының тарапынан лицензия алу, қадағалау, реттеу талаптарынан босатады. Эмитентке қатысушы мемлекеттердің аумағындағы преференциалдық кредитор мәртебесі берілген.

2.2. Мақсаты мен стратегиясы

Жарғыға сәйкес Эмитенттің негізгі мақсаты қатысушы мемлекеттердің нарық экономикасының қалыптасуы мен дамуына, экономикалық өсуіне, инвестициялық қызмет атқару арқылы олардың арасында сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге көмектесу болып табылады. Сондай-ақ Эмитент жаңа қатысушы мемлекеттерді және халықаралық ұйымдарды қосу үшін ашық болу қағидасына сәйкес халықаралық қаржы-экономикалық ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған қызмет атқарады.

Эмитент қызмет атқаратын мерзім: Эмитент белгіленбеген мерзімге құрылған.

Бұл орайда, жоғары кірістілік маржасын алуға қарағанда, тиімді даму саясатын жүзеге асыру Эмитент қызметінің негізі болып табылады.

Эмитент өз қызметінде үш жылдық кезеңде бекітілетін Стратегияны басшылыққа алады. 2011-2013 жылдарға арналған Стратегияға сәйкес Эмитенттің қызметі келесі стратегиялық мақсаттарға жетуге бағытталған:

1. Өзара сауда мен өзара инвестицияларды дамытуға көмектесу;
2. Банктің қатысушы мемлекеттерінің тұрақты өсуіне, әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарларын жеңуге, ұлттық экономиканың бәсеке қабілеттілігін кеңейтуге, жаңартуға көмектесу;
3. Банктің операциялар географиясын кеңейту, соның ішінде жаңа қатысушы елдерді тарту, қатысушы мемлекеттердің аймақтары бойынша инвестициялық портфельді теңгерімді әртараптандыруды қамтамасыз ету.

Алдыға қойылған стратегиялық мақсаттарға қарай Эмитент келесі басым міндеттерді анықтайды:

1. Өзара сауда мен өзара инвестицияларды өсіруге көмектесу мақсатында Эмитент келесілерді қамтамасыз етеді:
 - интеграциялық әсері бар инвестициялық жобаларды қаржыландыру;
 - интеграциялық әсері бар жобаларды жүзеге асыруда ФТС шеңберінде техникалық көмек көрсету;
 - Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі Интеграциялық зерттеу орталығының шеңберінде қажетті зерттеулер жүргізу.
2. Қатысушы мемлекеттердің тұрақты өсуіне, әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарларын жеңуге, ұлттық экономикалардың бәсеке қабілеттілігін жанартуға және арттыруға көмектесу мақсатында Эмитент келесі басым бағыттарды қаржымен қамтамасыз етеді:
 - инфрақұрылымды дамыту жобалары (көлік, энергетикалық, телекоммуникациялық, муниципалдық);
 - жоғары қосымша құнды өндірістерді дамыту;
 - экономиканың энергиялық тиімділігін арттыру бағдарламалары.
3. Операциялар географиясын кеңейту мақсатында Эмитент келесілер бойынша белсенді жұмысын жалғастырады:
 - жаңа қатысушы мемлекеттерді тарту;
 - Армения, Тәжікстан және Беларусь аумағында операциялардың қатысты және абсолютті көлемдерін ұлғайту;
 - қатысушы мемлекеттердің аймақтары бойынша инвестициялық портфельдің теңгерімді әртарапандыруды қамтамасыз ету.

2.3. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері

ЕАДБ негізгі қызмет түрлері:

- кредиттік-инвестициялық қызметі,
- ақпараттық талдау қызметі,
- қаржы ресурстарын тарту;
- халықаралық ынтымақтастық.

Эмитент кредиттік және инвестициялық саясатына сәйкес орта және ірі орта мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды, соның ішінде қатысушы мемлекеттердің өнеркәсіптік, инновациялық, интеграциялық даму бағдарламаларын қаржыландырады. Сондай-ақ Эмитент аймақ аралық мәні бар инвестициялық жобалар үшін қаржы бөледі және қатысушы мемлекеттердегі өнеркәсіптік кәсіпорындарға несие береді.

Сондай-ақ ЕАДБ еуразиялық кеңістікте экономикалық даму және интеграциялық процестер мәселелері бойынша белсенді ақпараттық-талдау жұмысын жүргізеді. Жекелеп алғанда, ЕАДБ инвестициялық мүмкіндіктері, ақша-несие саясаты, сондай-ақ банк қызметімен және валюталық реттеумен байланысты заң мәселелері бар қатысушы мемлекеттердің экономикасы мен қаржы нарықтарының жайы туралы ақпаратты жинап, талдайды. Эмитенттің ойынша, бұл қызмет инвестициялық қызмет үшін маңызды қолдау болып табылады. Сонымен қатар Банк ақпараттық-талдау жұмысының шеңберінде келесі мерзімдік басылымдар шығарады: «Евразийская экономическая интеграция» тоқсандық ғылыми-талдау журналы, ағылшын тіліндегі EDB Eurasian Integration Yearbook жылдық альманах, сондай-ақ аймақ ұйымдарына, елдерге, экономика секторына, т.б. бөліп, оқиғаларды көрсететін аймақтық интеграция жаңалықтар дайджестін; аймақ елдеріндегі халықаралық даму банктерінің қызмет хроникасын; макроэкономикалық шолуларды қамтитын, тұрақты шығарылатын ақпараттық-талдау дайджестер.

Халықаралық және жергілікті қаржы нарықтарындағы инвесторлармен және кредиторлармен қатынастарды дамытуды ЕАДБ қызметінің негізгі бағыттарының бірі деп санайды. Банк қатысушы мемлекеттердің

экономикалық дамуына қолдау көрсетуге мүдделі басқа халықаралық институттармен және шетелдік мемлекеттермен (соның ішінде БҰҰ, ШЫҰ, ЕурАзЭҚ сияқты халықаралық ұйымдармен) ынтымақтастығын дамытады, бұл жөнінде бірқатар халықаралық ұйымдармен екі тарапты тиісті нормативтік-құқықтық актілерге қол қойылды. 2001 жылғы наурыз айында ЕАДБ Халықаралық қарды корпорациясымен және Австрия даму банкі (ОеЕВ), Араб мұнай инвестициялар корпорациясы (ARICORP), Дамушы елдерге арналған Бельгия инвестициялық компаниясы (БИО), Жапония даму банкі (DBJ), Жеке секторды дамыту ислам корпорациясы (ICD), Жеке шетелдік инвестициялар корпорациясы (ОПІС), Неміс даму банкі (DEG), Нидерланд даму банкі (FMO), ОПЕК халықаралық даму қоры (OFID) Экономикалық ынтымақтастық үшін ілгерілету және инвестициялар жөніндегі француз компаниясы (Proragso), Канада экспорт агенттігі (EDC), Қара теңіз сауда және даму банкі сияқты басқа да халықаралық ұйымдармен шекті келісімге қол қойып, халықаралық қаржы ұйымдары клубына қосылды. Осы келісім шеңберінде ЕАДБ басқа халықаралық қаржы ұйымдарымен бірге жобаларды бірге қаржыландырады.

2.4. Эмитенттің кредиттік-инвестициялық қызметі

Эмитент функцияларының бірі қатысушы мемлекеттердегі ірі инвестициялық жобаларға қаржы бөлу болып табылады. Бұл функция мемлекеттік немесе жеке ұйымдарға кредит, кепілдік беру, үлестік қатысу, сондай-ақ міндетіне сәйкес және Жарғымен рұқсат етілген басқа өнімдер мен қызметтерді (соның ішінде инвестициялық-банк қызметі, басқа да кеңес беру қызметтері, зерттеу жүргізу, лизинг) ұсыну арқылы іске асырылады. Банк қызметі барлық қаржы бөлінетін жобалардың қаржылық іске асуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Эмитент атқаратын инвестициялық қызмет келесідей негізгі нысандарды қабылдауы мүмкін:

- Кредит беру: кредиттер және борыштық қаржыландыру тұрақты және коммерциялық өміршен талаптарда беріледі. Эмитент қарыз алушының қаражатты пайдалануын тиісті түрде бақылауға ұмтылады. Эмитент міндет пен стратегиялық мақсаттар жобасының сәйкестігін талдау нәтижелерін есепке ала отырып, әрбір жоба бойынша жеке-жеке қаржыландыру мөлшерлемесін бекітеді;
- Жарғылық капиталға қатысу: инвестициялық жобаны жүзеге асыру кезеңінде жоба компаниясының жарғылық капиталына қатысу. Кез келген осындай қатысу жобаның қаржы тәуекелдерін бақылауға Эмитентке мүмкіндік беру мақсатында орын алады. Жоба аяқталғаннан кейін Банк қатысу үлесін немесе нарық механизмдерінің көмегімен немесе жоба компаниясының жарғылық капиталына кіргенде келісілген тәртіпте таратады;
- Тікелей инвестиция қорлары: қатысушы мемлекеттердің қаржы инфрақұрылымын қолдау және шоғырландыру шеңберінде тікелей инвестиция қорларына қатысу немесе оларды құру. Жарғылық мақсаттарға қарай Эмитент қатысушы мемлекеттердің нарығында беделі және жұмыс тәжірибесі бар қорларға қатысады немесе басқа коммерциялық қорлармен/банктермен бірге, сондай-ақ халықаралық және ұлттық даму институттарымен бірге немесе басқарушы компанияға қорды басқаруды тапсырып, дербес түрде қорлар құрады;
- Инвестициялық кеңестер: Эмитент инвестициялық қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес инвестициялық жобаларды жүзеге асырғанда, оның ішінде инвестициялық жобаны қаржыландыруды құрылымдағанда, инвестициялық қызмет нәтижесінде комиссиялық сыйақы алғанда инвестициялық кеңесші ретінде әрекет ете алады;
- Басқа қаржы құралдарын пайдалану: қаржы және операциялық лизинг сияқты басқа қаржы құралдары, кепілдіктер, кепілдемелер, аккредитивтер беру, сондай-ақ өнімдердің коммерциялық және саяси тәуекелдерін сақтандыру.

Құру туралы келісімге және ЕАДБ Жарғысына сәйкес 2008 жылғы 4 ақпанда Эмитент инвестициялау алдында зерттеулерді қаржыландыру, аймақтық интеграция бағдарламаларын қолдау, экономикалық өсуге, қатысушы мемлекеттердің нарық экономикасын қалыптастыруға, дамытуға, олардың арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға бағытталған мемлекет аралық, елдік, салалық және инновациялық зерттеулер жүргізу үшін Техникалық қолдау қорын құрды.

Эмитенттің инвестициялық қызметі туралы ереже келесі қағидаларды белгілейді:

- Эмитенттің міндеті мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес – Эмитент қаржыландыратын кез келген инвестициялық жоба оның міндеті мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес болуы керек.
Халықаралық банк тәжірибесінің стандарттарына сәйкес болу – Эмитент қарыз мерзіміне, пайыз мөлшерлемесіне, өтеу мен қамтамасыз етуге қатысты халықаралық банк тәжірибесінің қағидаларына сәйкес жобаларды қаржыландырады.
- Инвестициялар мөлдірлігі – Эмитент көпшілікке ашық болу, инвестицияларын мөлдір басқару, халықаралық даму банктерін корпоративті басқарудағы ең үздік тәжірибеге сүйену күшін бар күшін салады.
- Коммерциялық банктермен тікелей бәсеке болудан аулақ болу – Эмитент жеке кредиторлардың ресурстар құны мен ұсыну мерзімі бойынша қаржыландыруы қиын инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін бар күшін салады.
- Қаржы бөлу әдістерін әртараптандыру – Эмитент мемлекеттік-жеке серіктестік және тікелей инвестиция қорлары арқылы инвестицияларды қоса алғанда коммерциялық
- Қаржы бөлу әдістерін әртараптандыру – Эмитент мемлекет-жеке серіктес және тікелей инвестиция қорлары арқылы инвестицияларды қоса алғанда коммерциялық көздерден инвестиция тарту мүмкіндігін кеңейтеді. Эмитент халықаралық қаржы институттарымен, коммерциялық банктермен немесе басқа ұйымдармен бірге қаржы бөле алады.
- Инвестициялардың экономикалық тиімділігі – Эмитенттің жұмысы мәмілелердің барабар рентабельділігін және қолайлы тәуекел деңгейін қамтамасыз ету міндетінен туындайды.
- Әлеуметтік және экономикалық жауапкершілік – Эмитент экологиялық зиян келтірмейтін немесе халықтың әлеуметтік, жұмыс немесе тұрмыстық жағдайларын нашарлататын жобаларды қаржыландырады. Эмитенттің инвестициялары өмір стандарттарын жоғарылатуға, жұмыс орындарын көбейтуге, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған.
- Тыйым салынған инвестиция саласы – Эмитент мәжбүрлі немесе балалар еңбегі пайдаланылатын, темекі өнімдерін немесе алкогольді өндіретін немесе тарататын қызметті, құмар ойындарымен байланысты қызметті, қатысушы мемлекеттердің заңдарымен немесе ресурстардың биологиялық түрлі болуын немесе мәдени мұраны қорғауға қатысты халықаралық конвенциялармен тыйым салынған кез келген қызметті, Басқарма және/немесе Эмитенттің Кеңесі тыйым салған басқа қызметті қаржыландырмайды.
- Инвестицияларды әртараптандыру – Эмитент инвестицияларын әртараптандыру, соның ішінде қандай да бір жеке қатысушы мемлекетке немесе инвестициялық жобаға жағдай жасайтын режимнің туындауынан аулақ болу үшін бар күшін салады.
- Өтімділік – Эмитент тәуелсіз тараптарының арасында мәміле қағидасы бойынша басқа инвесторларға инвестицияларын сату арқылы қорларының өтімділігін қолдау және жаңарту үшін бар күшін салады.
- Инвестициялық рентабельділік пен тәуекел барабарлығы – Жобаларды қаржыландырғанда Эмитент рентабельділіктің тәуекел деңгейіне сәйкес болуына көзін жеткізеді.
- Жоғары кредиттік рейтингтер – Эмитент қолайлы қаржыландыру шарттарына мүмкіндік алу үшін жоғары кредиттік рейтингтер алуға бар күшін салады.

2.5. Дағдарысқа қарсы қорды басқару

2009 жылғы 9 маусымда ЕурАзЭҚ мемлекет аралық кеңесі ЕурАзЭҚ қатысушы елдердің өкімет басшыларының деңгейінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Дағдарысқа қарсы қорының келесідей құрылтай

құжаттарын қабылдады: Қорды құру турал шарт, ЕурАзЭҚ Дағдарысқа қарсы қоры туралы Ереже, Қор құрылтайшылары мен Еуразия даму қоры жасаған Қаражатты басқару келісімі.

ЕурАзЭҚ Дағдарысқа қарсы қоры экономикалық және қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, Қорға қатысушы мемлекеттердің экономикаларының интеграциясын тереңдету мақсатында ұлттық экономикаларды әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың теріс салдарларын жеңу мақсатында құрылған. Қор қатысушы мемлекеттердің экономикаларын ынталандыру және дағдарысқа қарсы реттеу аймақтық механизмін білдіреді. Қордың жалпы сомасы — 8,513 миллиард АҚШ доллары. Қор өкіметтердің дағдарысқа қарсы тұрақтандыру бағдарламаларын қолдайтын қаржы кредиттерін беру, ірі мемлекет аралық және ұлттық жобаларды қаржыландыруға инвестициялық кредиттер беру арқылы өз міндеттерін шешеді. Қордың алғашқы үш жұмыс жылы ішінде негізгі құжаттар мен процедуралар әзірленіп, жүзеге асырылды, екі қаржы кредитін беру туралы келісімдерге қол қойылды: Тәжікстан Республикасында — 70 млн. АҚШ доллары және Беларусь Республикасында — 3 млрд. АҚШ доллары, оның ішінде 2012 жылғы қазанда 1,75 млрд. АҚШ долл. аударылды. 593 млн. АҚШ долл. жалпы сомасына 8 ықтимал жоба қарастырылуда.

Қордың негізгі екі құралы бар: бюджетті, төлем балансын, ұлттық валюта бағамын қолдауға қаржы кредиттері және мемлекет аралық жобаларды қаржыландыруға инвестициялық кредиттері. Қаржы кредиттеріне орталық өкіметтер ғана пайдалана алады. Инвестициялық кредиттер (егемен кепілдіктердің, бірінші класты банктердің және/немесе жоғары өтімді активтердің қамтамасыз етуімен) мемлекеттерге және мемлекет аралық инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын компанияларға беріледі. АҚФ кредиттері қатысушы мемлекеттердің адам басына шаққандағы жалпы ұлттық кірісіне (ЖҰК) пропорционалды қол жетімділік лимиттері шегінде беріледі.

Қор қаражатын Басқарушы функцияларын атқару шеңберінде Банк Қор қаражатын оралымды басқарады, Қор қаражатынан кредит беру туралы келісім жасайды, осы кредиттер бойынша қарыздың өтелуін бақылайды, Қордың уақытша бос қаражатын инвестициялайды және/немесе депозиттерге орналастырады, Қорға кіретін елдердің экономикалық мәселелерін талдайды, дағдарысқа қарсы бағдарламаларды ұстау жөнінде нұсқаулар әзірлеп, осы бағдарламалардың іске асырылу барысын бағалайды. Банк Қор қаражатын Басқарушы ретінде Қордан қаражат бөлуге өтінімдер негізділігін бағалап, Қордың Сараптама кеңесіне өз нұсқауларын жібереді. Сараптама кеңесі оң шешім қабылдаған жағдайда осы мәселе Қор кеңесінің қарауына беріледі. Банк Халықаралық валюта қорымен, Дүниежүзілік банкпен, аймақтық даму банктерімен, БҰҰ агенттіктерімен, басқа халықаралық ұйымдармен бірге Қор қаражатын Басқарушы ретінде қызмет атқарады.

2.6. Эмитенттің болашақтағы қызметінің жоспарлары

Эмитенттің жоғары капитализациясы салыстырмалы түрде құрылымдық экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған ауқымды мақсаттар мен міндеттерді алдына қоюға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Эмитент Банктің қатысушы мемлекеттерінің нарық экономикасын дамытуға, тұрақты экономикалық өсуіне, инвестициялық қызмет атқару арқылы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге көмектесу болып табылатын, өзіне артылған міндет шеңберінде қол жеткен нәтижелерді көбейту үшін бар күшін салады.

Эмитент қатысушы мемлекеттерді тұрақты дамытуға және келесілердің есебінен олардың арасындағы интеграциялық процестерді тереңдетуге көмектесетін тиімді құралға айналуы керек:

- ұсынылған қаржы құралдарының желісін кеңейту, қаржыландыру талаптарын оңтайландыру, Банк операция елдерінде техникалық көмек көрсету;
- Банктің инвестициялық қызметі мен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қоры операцияларын басқару;
- Қызмет аясын кеңейту, соның ішінде қатысушы мемлекеттердің экономикалары арасында еркін капитал қозғалысын қамтамасыз ету үшін қаржы нарықтары арасындағы инфрақұрылымдық көпір функцияларын Банктің жүзеге асыруы арқылы;
- қатысушы мемлекеттер үшін артықшылықты бағдарламаларды, дағдарыстан кейін даму стратегияларын жүзеге асыру жобаларына қатысу;
- Банк қатысушысы болып табылмайтын елдерді қоса алғанда Банк операциялар географиясын кеңейту;

- Еуразиялық кеңістікте интеграциялық процестерді ақпараттық-талдау ілесіміне қызметімен қамтамасыз ету.

Еуразиялық Даму Банкінің 2011-2013 жылдарға арналған Стратегиямен Эмитент қызметінде ұстанатын мақсаттар мен міндеттерге жетудің негізгі индикаторлары бекітілген.

- 2013 жыл соңында инвестициялық портфель 4,36 млрд. АҚШ долларына жетеді.
- Қаржыландырылатын инвестициялық жобаларды жүзеге асыру 1,6 млрд. АҚШ долл. өзара сауда өсімін және 1,2 млрд. АҚШ долл. өзара инвестициялар өсімін қамтамасыз етеді.
- Қаржыландырылатын жобалар қатысушы мемлекеттердің экономикаларындағы өнім шығару генерациясында білдірілетін әлеуметтік-экономикалық әсерді кем дегенде 3,6 млрд. АҚШ долл. көлемінде, экономиканың аралас салаларында қосымша шығарылымның 3,99 млрд. АҚШ доллары деңгейінде мультипликативтік әсермен сипатталуын қамтамасыз етеді.
- Техникалық көмектесу қорының жобаларын қаржыландыру шеңберінде берілетін қаражаттың кем дегенде 50% интеграциялық әсері бар жобаларды жүзеге асыруға бағытталады.

Жаңа қатысушы мемлекеттерді қосу және инвестициялық портфельдің теңгерімді елдік құрылымына жету есебінен операциялар географиясын кеңейту

2011-2013 жылдары Эмитент қатысушы мемлекеттердің әлемдік қаржы дағдарыс салдарларын жеңу, тұрақты экономикалық даму үшін жағдай жасау міндеттерін шешуге бар күшін салады.

Эмитент интеграциялық процестерді дамытуды барынша қолдау көрсетуді жалғастыруды қажет деп санайды. Осыған байланысты Банк бар күшін инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруға бар үшін жұмылдыруды маңызы деп санайды:

- көлік, энергетика, телекоммуникациялық, муниципалдық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған;
- қомақты интеграциялық әлеуеті бар;
- қомақты мультипликативтік әсері бар қатысушы мемлекеттердің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған;
- жаңа технологияларды енгізуге және жоғары қосымша құнды өндірістерді дамытуға бағытталған;
- қатысушы мемлекеттердің экономикасының энергиялық тиімділігін арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ бұл жобалар негізгі тәуекел-факторларға берік болуы керек. Қатысушы мемлекеттердің экономикалық байланыстарын кеңейтуді, инфрақұрылымдық құрылысты негізгі бағыты ретінде сақтай отырып, Эмитент қызметінде дағдарыс жағдайларында ұлттық экономикалардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қатысушы мемлекеттер атқарған шаралар кешенін қызметінде есепке алады.

2.7. Эмитенттің қаржы-экономикалық қызметінің көрсеткіштері

Осы Облигациялық бағдарлама проспектіндегі барлық көрсеткіштердің есебі 2011, 2010, 2009, 2008 және 2007 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы және Банк қабылдаған есеп саясатының негізінде Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына (бұдан былай – «ХҚЕС») сәйкес әзірленген ЕАДБ қаржылық есептіліктің негізінде жүзеге асырылды.

Көрсеткіш атауы (мың АҚШ долл.)	2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2010 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2008 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2007 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кіріс	143 047	116 845	108 365	108 083	59 281
Пайыздық шығын	(74 994)	(70 941)	(44 432)	(28 849)	(13 436)
Пайыздар есептелетін активтерді құнсыздандыруға резервтерді құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	68 053	45 904	63 933	79 234	45 845
Таза пайыздық кіріс	68 901	32 924	58 869	78 413	45 289
Өзгерістері табыс немесе шығыс құрамында көрініс табатын, әділетті құн бойынша берілетін қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза табыс /(шығыс)	36 537	16 985	4 444	(6 798)	(11 358)
Таза пайыздық емес кірістер/(шығындар)	3 677	17 507	10 516	(11 997)	9 693
Операциялық кірістер	72 578	50 431	69 385	66 416	54 982
Операциялық шығындар	(48 103)	(34 618)	(29 596)	(25 876)	(15 723)
Таза табыс	24 475	15 813	39 789	40 540	39 259
Активтер	2 837 683	2 552 593	2 495 458	2 007 647	1 312 853
Капитал	1 680 000	1 663 497	1 633 896	1 531 483	853 925
Активтер рентабельділігі,%*	0,91	0,63	1,77	2,44	-***
Капитал рентабельділігі,%**	1,46	0,96	2,51	3,40	-***
Жеткіліктік коэффициенті, % (****)	52,93	62,67	80,29	99,77	85,94

(*) Активтер рентабельділігі таза табыстың активтердің орташа құнына қатынасы ретінде есептеледі.

(**) Капиталдың рентабельділігі таза табыстың капиталдың орташа құнына қатынасы ретінде есептеледі.

(***) 2007 жыл үшін активтер рентабельділігі мен капитал рентабельділігінің көрсеткіштері келтірілмейді, өйткені коэффициенттердің түзету есебі үшін 2006 жылғы салыстырмалы жылдық көрсеткіштер жоқ, мұның себебі: ЕАДБ қызметін 2006 жылғы 16 маусымда бастады.

(****) Коэффициент кредиттік, нарық, операциялық тәуекелдердің орнын толтыру үшін қажетті минималды капиталды көрсетеді және жалпы капиталдың тәуекел бойынша алынған активтерге қатынасы ретінде есептеледі.

2007 жылдың соңында Банк активтері (нетто) 1 млрд. 312 млн. 853 мың АҚШ доллары құрады, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 538 млн. 709 мың долларға (немесе 70%) артты. 2007 жыл қорытындылары бойынша ЕАДБ таза табысы 39 млн. 259 мың АҚШ доллары құрады.

2008 жылдың соңында Банк активтері (нетто) 2 млрд. 7 млн. 647 мың АҚШ доллары құрады, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 694 млн. 794 мың АҚШ долларына (немесе 53%) артты. 2008 жылы активтер төленген жарғылық капиталды ұлғайту салдарынан, сондай-ақ баланстық инвестициялық портфельді өсіру салдарынан өсті. 2008 жыл қорытындылары бойынша ЕАДБ таза табысы 40 млн. 540 мың АҚШ доллары құрады.

2009 жылдың соңында Банк активтері 2 млрд. 495 млн. 458 мың АҚШ доллары құрады, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 487 млн. 811 мың АҚШ долларына (немесе 24,3%) артты. 2009 жылы активтер баланстық инвестициялық портфельдің өсуінің жалғасуына мүмкіндік берген, теңгеде, АҚШ долларында, рубльде номинацияланған, Банктің меншікті қарыздық бағалы қағаздарын шығару түрінде қор көлемін ұлғайту салдарынан өсті. 2009 жыл қорытындылары бойынша ЕАДБ таза табысы 39 млн. 789 мың АҚШ доллары құрады.

2010 жылдың соңында Банк активтері 2 млрд. 552 млн. 593 мың АҚШ доллары құрады, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 57 млн. 135 мың АҚШ долларына (немесе 2,3%) артты. Инвестициялық қызметті қорландыру 2009 жылы тартылған қаражаттың есебінен, бір бөлігі Банктің меншікті капиталының қаражаты есебінен жүргізілгендіктен, осы кезеңдегі активтер мөлшері қомақты өзгерген жоқ. 2010 жыл қорытындылары бойынша ЕАДБ таза табысы 15 млн. 813 мың АҚШ доллары құрады.

2011 жылдың соңында Банк активтері 2 млрд. 837 млн. 683 мың АҚШ доллары құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 285 млн. 090 мың АҚШ долларына (немесе 11,2%) артты. Инвестициялық қызметті қорландыру 2009 жылы тартылған қаражаттың есебінен, бір бөлігі Банктің меншікті капиталының қаражаты есебінен жүргізілгендіктен, осы кезеңдегі активтер мөлшері қомақты өзгерген жоқ. 2011 жыл қорытындылары бойынша ЕАДБ таза табысы 24 млн. 475 мың АҚШ доллары құрады.

Көрсеткіш атауы	2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2010 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС, мың АҚШ долл.	68,901	32,924	58,869
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС, %	94.93%	65.29%	84.84%
Таза пайыздық емес кірістер, мың АҚШ долл.	3,677	17,507	10,516
Таза пайыздық емес кірістер, %	5.07%	34.71%	15.16%
Операциялық кірістер, мың АҚШ долл.	72,578	50,431	69,385
Жалпы, %	100 %	100 %	100 %

2007-2011 жылдардағы операциялық қызметтен түсімдер өсімі Банк қызметін біртіндеп кеңейтумен және қатысушы елдердің шынайы және қаржы секторларын қаржыландыру бойынша жүргізілген операциялар көлемін тұрақты ұлғайтумен байланысты. 2010 жылы таза пайыздық кірістің түсуі Банк шығарған міндеттемелер бойынша төлеу көлемін ұлғайтудан, сондай-ақ қаражатты орналастыру бойынша Банктің консервативтік саясатына байланысты инвестициялық жобалар бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендетуден болды.

Көрсеткіш атауы	2011 жылғы 31 желтоқсанда	2010 жылғы 31 желтоқсанда	2009 жылғы 31 желтоқсанда	2008 жылғы 31 желтоқсанда	2007 жылғы 31 желтоқсанда
Ресей Федерациясы, мың АҚШ долл.	52,450	85,535	45,467	63,660	21,380
Ресей Федерациясы, есеп кезеңіндегі барлық түсімдердің %	72.27%	169.61%	65.53%	95.85%	38.89%
Қазақстан Республикасы, мың АҚШ долл.	27,272	10,053	34,502	27,644	25,852
Қазақстан Республикасы, есеп кезеңіндегі барлық түсімдердің %	37.58%	19.93%	49.73%	41.62%	47.02%
Басқа елдер, мың АҚШ долл.	(7,144)	(45,157)	(10,584)	(24,888)	7,750
Басқа елдер, % есеп кезеңіндегі барлық түсімдердің %	-9.85%	-89.54%	-15.26%	-37.47%	14.09%
Жалпы, мың АҚШ долл.	72,578	50,431	69,385	66,416	54,982
Барлығы, %	100%	100%	100%	100%	100%

Географиялық белгісі бойынша сыртқы операциялық кірістерді/шығындарды бөлу тиісті аймақтардағы инвестициялар көлемінің өсуіне байланысты ауытқымалы болды.

Эмитенттің стратегиялық аймақтық фокусы қатысушы мемлекеттер (Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Армения Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Беларусь Республикасы және Қырғыз Республикасы) құрған ағымдағы тұжырымдамаға сәйкес ЕурАзЭҚ қатысушы елдерінің аймақтарында шоғырланған.

Клиенттерге берілген қарыз көлемі, мың АҚШ долл.	2011 жылғы 31 желтоқсанда	2010 жылғы 31 желтоқсанда	2009 жылғы 31 желтоқсанда	2008 жылғы 31 желтоқсанда	2007 жылғы 31 желтоқсанда
Ресей Федерациясы	700,046	479,924	251,585	106,715	-
Қазақстан Республикасы	425,680	317,500	357,399	328,984	164,673
Басқа қатысушы елдер	218,270	23,529	-	-	-
Жалпы	1,343,996	820,953	608,984	435,699	164,673

Осы тармақтағы есептер Еуразиялық даму банкі қабылдаған есептік саясаттың негізінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленген 2009-2011 жылдардағы қаржылық есептілік негізінде жүргізілген.

Эмитенттің Банк міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын немесе сенімді басқарудағы активтері жоқ.

Эмитенттің қаржылық есептілігі сәйкес мен ХКЕС орыс және ағылшын тілдерде корпоративтік сайтында жетімді <http://www.eabr.org/r/investors/financialreport/>.

III. БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ ШЫҒАРЫЛЫМДАРЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

3.1. Бағалы қағаздар шығарылымы

Эмитент уәкілетті органы бекіткен және шығарылым проспектіне сәйкес көрсетілген тәртіпте және талаптарда осы облигациялық бағдарламаға сәйкес оқтын-оқтын облигациялар шығарып тұрады. Бұл орайда, осы облигациялық бағдарлама бойынша облигациялар теңгемен, басқа валютада да шығарылуы мүмкін, бірақ Эмитенттің уәкілетті органы тиісті шешім қабылдауы тиіс.

3.2. Эмиссия мақсаттары және эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нәтижесінде алынған қаражаттың пайдаланылу бағыттары

Бағалы қағаз шығарылымынан Эмитент алған ақша қаражаты ортақ корпоративтік мақсаттарға және ЕАДБ инвестициялық қызметі тұрады ережеге сәйкес қаржы беру үшін пайдаланылады.

3.3. Орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алумен байланысты тәуекелдер

Эмитент маңызды деп саналатын тәуекелдер мен белгісіздіктердің сипаттамасын береді, бірақ осы тәуекелдерден басқа тәуекелдер де кездесуі мүмкін. Қосымша тәуекелдер мен белгісіздіктердің, соның ішінде Эмитентке қазіргі кезде белгісіз немесе Эмитент маңызды емес деп санайтын тәуекелдер мен белгісіздіктердің туындауы Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар құнының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Эмитенттің бағалы қағаздарына салынған инвестициялар белгілі бір тәуекел дәрежесімен байланысты. Осыған байланысты ықтимал инвесторлар инвестициялық шешім қабылдағанда төменде келтірілген тәуекел факторларын жақсылап зерттеуге тиіс. Сондай-ақ осы бөлім ережелері Облигацияларды сатып алушылардың тарапынан инвестициялау тәуекелдерін жеке талдаудың орнына жүрмейді. Эмитент аталған тәуекел факторлары Облигациялар туралы шешім қабылдау үшін толық әрі жеткілікті деп кепілдік бере алмайды.

Төменде орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алумен байланысты тәуекел факторларының толық талдауы келтірілген.

Эмитенттің тәуекелдерді басқару саласындағы саясаты

Эмитенттің қызметі Эмитенттің бақылауынан тыс бірқатар тәуекелдерге, соның ішінде пайыздық мөлшерлемелердің, валюта айырбастау бағамдарының өзгеруіне, өтімділіктің азаюына, Эмитенттің кредиттік портфелі сапасының нашарлауына қатысты тәуекелдерге ұшырағыш. Қабылданған нормативтік құжаттарға сәйкес мүдделі бөлімшелер мен Банктің басқару органдары тұрақты осы тәуекелдердің болуы мен мөлшерін қадағалайды және бақылайды.

Эмитент тәуекелдерін басқаруға Банк Кеңесі, Банк Басқармасы, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті, Кредит комитеті, Тәуекел-менеджмент басқармасы, Кредиттер мен инвестициялар басқармасы (кредиттік тәуекелдерді басқару бөлігінде) қатысады, олар Эмитенттің тәуекелдерді, соның ішінде стратегиялық, нарық және операциялық тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеу, қолдану, мониторинг жүргізу үшін бірге жауап береді.

Банк Кеңесі келесі жолдармен Эмитенттің тәуекелдерін басқаруға қатысады:

- Эмитенттің стратегиясы мен кредит беру саясатын анықтау;
- қарыз алушылардың кредиттік тәуекелге максималды жол берілетін ұшырағыштығын анықтау;
- инвестициялық қызмет туралы ережеге сәйкес Эмитенттің инвестициялық жобаларын қарастыру және оларды бекіту туралы шешім қабылдау.

Банк Басқармасы Эмитент тәуекелдерін басқару бойынша жалпы басшылық жасайды, соның ішінде:

- бизнесті оңтайлы әртараптандыруды есепке ала отырып, Эмитент қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- меншікті капиталдан айрылу ықтималдылығымен байланысты тәуекелдердің жол берілетін деңгейі мен тәуекел аймағында капиталдың максималды мөлшерін анықтау;
- Эмитенттің стратегиясын жүзеге асыру, Эмитент стратегиясы мен жол берілетін тәуекел деңгейі арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді басқару саясатын және Тәуекел-менеджмент басқармасы әзірлеген тәуекелдерді шектейтін басқа негізді процедураларды бекіту;
- белгіленген шекте қарыздар мен инвестициялық жобаларды мақұлдау.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті («АПБК»)

АПБК тұрақты әрекет ететін алқалық орган болып табылады, ол Басқармаға есеп береді, активтер мен пассивтерді басқару саласында Басқарма анықтаған саясатты әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ оның орындалуына бақылау жасау үшін жауап береді. АПБК негізгі міндеттері: активтер мен пассивтерді басқару саласындағы Банк саясатының негізгі параметрлерін талдау; өтімділікті, нарық тәуекелдерін, сондай-ақ қорландыру тәуекелін басқару; кредит тәуекелдері үрдістері мен нарық конъюнктурасы мониторингі; Банктің қажетті рентабельділік деңгейін қолдау мен Банктің жоспарлы және стратегиялық көрсеткіштерінің орындалуын бақылау; трансферттік баға құру мен Банктің ішкі жалпы шығындарын аллокациялау тәртібі саласында Банк Басқармасы бекіткен Банк саясатын іске асыру, сондай-ақ Банктің тарифтік саясатын құру жөніндегі Банк Басқармасына ұсыныстар жасау. АПБК АҚШ долларында, басқа да кейбір валюталарда қарыздар бойынша Эмитент мөлшерлемесін анықтау және қарыз алушылар төлейтін маржа мөшерін белгілеу үшін жауап береді. АПБК құрамына жататындар: Басқарма мүшесі, Қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі – Қазынашылық басқарушы директоры, Басқарма мүшесі – Корпоративтік қаржыландыру жөніндегі басқарушы директор, Тәуекел-менеджмент басқармасы басшысының орынбасары, Кредиттер мен инвестициялар басқармасының басшысы, Бизнесті жоспарлау жөніндегі басқарушы директор. АПБК хатшысы – Жоспарлау және есептік басқармасы қаржы талдау бөлімінің басшысы. АПБК отырыстары үнемі, кем дегенде айына 1 рет өткізіледі. АПБК Басқарма Мүшесі, Қаржы жөніндегі басқарушы директор басқарады.

Кредиттік комитет

Кредиттік комитет ЕАБР кредиттік саясатын жүзеге асырады, қарыз алушыға, белгілі бір саладағы концентрацияға қатысты тәуекелдің жалпы концентрациясының мониторингін жүргізеді, корпоративтік кредиттік қызметке қатысатын жоба топтары (Жоба топтары) қарастыруға ұсынатын қарыз беру және капиталға қатысу туралы барлық ұсыныстарды талдайды. Кредиттік комитеттің негізгі функцияларының бірі Банк Басқармасына есеп беретін тұрақты әрекет ететін алқалық органның қарыз беру және капиталға қатысу туралы әрбір жеке ұсынысындағы кредиттік тәуекелді, жалпы портфельдік тәуекелді азайту болып табылады.

Тәуекел – менеджмент басқармасы

Тәуекел – менеджмент басқармасы ЕАБР Басқармасы мақұлдаған тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеу және жүзеге асыру үшін жауап береді. Тәуекел – менеджмент басқармасы тәуекелдерді басқару саясатының орындалуын, соның ішінде Эмитент жүргізіп отырған операциялардың белгіленген нормативтер мен шектеулерге сәйкестігін бақылайды.

Тәуекел – менеджмент басқармасы келесілер үшін жауап береді:

- Жоба топтары әзірлеген ақпараттың негізінде капиталға қатысу туралы ұсыныстағы немесе қарыз беру туралы әрбір ұсыныстағы кредиттік тәуекелді (соның ішінде қаржы институттарымен жобалар) талдау, Кредиттік комитетке нұсқаулар беру;
- өтімділік, валюта, пайыз, басқа тәуекелдерді басқаруға қатысты ұсыныстарды бағалау, мониторинг және әзірлеу;
- Эмитент ұшырауы мүмкін тәуекелдердің сандық және сапалық сипаттамаларын бағалау;
- Банк Басқармасы мен алқалық органдарға талдау ақпаратын және Эмитенттің тәуекел позициялары бойынша есептілік ұсыну.

Кредиттер мен инвестициялар басқармасы

Кредиттер мен инвестициялар басқармасы инвестициялық жобалар сараптамасын жүзеге асырады, қарыз беру немесе Жоба топтары әзірлеген ақпарат негізінде капиталға қатысу туралы әрбір ұсыныстың кредиттік тәуекел талдауын жүргізеді, Кредиттік комитетке нұсқаулар береді. Кейбір жобаларда ерекше тәуекелдерді анықтап, бағалау үшін жобалардың сараптамасы (маркетингтік, техникалық, инженерлік, т.б.) үшін сыртқы кеңесшілер тартылады. Сондай-ақ осы Басқарма инвестициялық жобалардың мониторингі үшін жауап береді.

Банктік тәуекелдер

Банктік тәуекел, жалпы, ішкі факторларға (ұйымдастырушылық құрылымның күрделі болуы, қызметкерлердің біліктілік деңгейі, ұйымдастырушылық өзгерістер, кадрлардың жиі өзгеруі, т.б.) және/немесе сыртқы факторларға (кредиттік ұйым қызметінің экономикалық талаптарының өзгеруі, қолданылатын технологиялар, т.б.) байланысты қолайсыз оқиғалардың басталу салдарынан банк қызметіне тән кредиттік ұйым өтімділігінен айрылу және/немесе нашарлау ықтималдылығымен сипатталады.

Эмитент қызметінде пайыздық мөлшерлеменің, валюта айырбастау бағамының өзгеруімен, контрагенттердің міндеттемелерді орындамауымен, инвестициялардың құнсыздануымен байланысты қаржы, нарық және кредиттік тәуекелдерге, операциялық тәуекелдерге, басқа тәуекелдерге ұшырауы мүмкін.

Эмитенттің қызметімен байланысты тәуекелдің негізгі факторлары:

1. Эмитенттің халықаралық мәртебесі және сыртқы реттеудің болмауы

Эмитент Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының арасында жасалған Еуразия даму банкі құру туралы келісімге сәйкес құрылған халықаралық қаржы ұйымы болып табылады және қатысушы мемлекеттердің арасындағы жоғарыда аталған халықаралық жария шарт негізінде қызмет атқарады. Эмитент мүлікке, кірістерге, активтерге, операцияларға салық салу саласында бірқатар жеңілдіктерді пайдаланады және қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік органдарының тарапынан қадағаланбайды және реттелмейді. Эмитент қатысушылары егемен мемлекеттер болып табылатындығына қарамастан, Эмитент қатысушы мемлекеттерден

бөлек қызмет атқарады. Эмитент қатысушы мемлекеттердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал қатысушы мемлекеттер Эмитенттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Эмитенттің бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері Эмитенттің тәуелсіз міндеттемелері болып табылады және қандай да бір қатысушы мемлекетпен немесе мемлекеттік органмен кепілдік берілмеген. Ұйымды құру, лицензия беру, реттеу, қызметін тоқтату тәртібін белгілейтін Эмитенттің қатысушы мемлекеттерінің заңнама ережелері Эмитентке қолданылмайды. Бұл орайда, Эмитенттің ішкі процедуралары мен саясаты халықаралық стандарттар мен тәжірибені есепке алады және ақпараттық барынша мөлдір болу режиміне бағытталған. Эмитент жалпы қабылданған банк қызметінің қағидаларына сәйкес қызмет атқарады.

2. Эмитенттің салыстырмалы қысқа қызмет мерзімі

Эмитент қызметін 2006 жылғы 16 маусымда бастады. Осылайша, негізінде инвесторлар Эмитенттің қызметі мен болашағын бағалай алатын қызмет мерзімі салыстырмалы түрде қысқа. Эмитент Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (бұдан былай – ЕурАзЭК) аумағында кредит беру қызметін кеңейтіп дамытуды жоспарлап отыр. Сәйкесінше, Эмитенттің қызметі мен болашағы бастапқы даму кезеңінде кез келген кәсіпорынға тән қашып құтылмайтын тәуекелдер, белгісіздік, шығындар, қиындықтар есепке алына отырып қарастырылуы керек.

3. Кредиттік портфельді ұлғайту және өтімділік тәуекелдері

Эмитент 2007 жылдың басында қарыз алушыларға кредит бере бастады, 2012 жылдың бірінші тоқсанының аяғындағы жағдай бойынша баланстық жоба портфелінің мөлшері 1,811,41 млн. АҚШ долл. құрады. Эмитенттің жоба портфелінің үздіксіз өсуі қаржыландыру үшін жобалар санының жеткілікті болуына байланысты. Эмитенттің критерийлеріне және кредиттік саясатының талаптарына жауап беретін, Эмитенттің активтердің өсуін қолдау қабілетіне әсер ете алатын және қызмет нәтижелері мен қаржы жағдайына теріс әсер ететін даму жөніндегі қосымша жобалары жоқ. Эмитент осындай жобаларды қаржыландыруды, соның ішінде банктерден қарыз алу арқылы, халықаралық және жергілікті капитал нарықтарына бағалы қағаздар шығару арқылы қаржыландыруды болжайды. Халықаралық және жергілікті капитал нарықтарындағы кез келген құбылмалылық, соның ішінде пайыз мөлшерлемесінің жоғары болуы Эмитент үшін қаржыландыру құнын ұлғайтуға алып келеді, ал бұл өз кезегінде операцияларына, қызмет нәтижелері мен қаржы жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Кредиттік тәуекел

Банкте кредит беру лимиттерін белгілеу, қаржыландыру және қамтамасыз ету құрылымын оңтайландыру, жобалардың тұрақты мониторингі, басқа қаржы институттарымен тәуекелдерді бөлісу, провизиялар құрастыру негізінде кредиттік тәуекелдер басқарылады.

Эмитенттің жоба портфелінде Эмитенттің қатысушы мемлекеттерінің экономикаларындағы қаржы емес секторға, соның ішінде өнеркәсіптік инфрақұрылымға, энергетикаға, көлікке, агроөнеркәсіптік секторға берілген кредиттер концентрациясы болуы мүмкін. Экономикадағы өзгерістер қысқа мерзімді кезеңде Эмитенттің жоба портфелінің концентрациясы байқалатын қызмет салаларында тұтынушыларға бәрінен де күшті әсер ететін болса, осындай концентрация Эмитенттің қаржы жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Сәйкесінше, Эмитент кредиттік тәуекелдің жоғарғы концентрациясы мен табыс құбылмалығына ұшырайды.

Елдік тәуекел

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Эмитенттің құрылтайшылары болып табылады, Эмитент қарыздарының көп бөлігі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы клиенттерге беріледі, бұл орайда активтердің көп бөлігі осы екі мемлекеттің аумағында болады деп болжанады. Бастапқыда, Эмитенттің қаржы жағдайы, қызмет нәтижелері және қарыздар бойынша берілген қаражатты қайтару қабілеті, негізінен, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында қалыптасқан экономикалық және саяси жағдайларға байланысты болды. Әйтсе де, жаңа қатысушы мемлекеттер – Армения Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы Банк қатысушыларының құрамына қосылғаннан кейін, соның ішінде жобаларды қаржыландыру бойынша актив операциялар біршама әртараптандырылды.

Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы сияқты дамушы нарықтарға салымдар салатын инвесторлар бұл тәуекелдер дамыған нарықтармен салыстырғанда тәуекелдің жоғары дәрежесіне ұшырағыш, кейбір жағдайларда құқықтық, экономикалық, саяси тәуекелдерге ұшырағыш болып табылатындығын білуі керек. Инвесторлар Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы сияқты елдердің дамушы экономикалары жылдам өзгергіштігін де ескерулері керек. Сәйкесінше, инвесторлар бар тәуекелдерді бағалап, осы тәуекелдерді есепке ала отырып, инвестициялау мақсаттылығына қатысты дербес шешім қабылдауға тиіс.

Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі қор тәуекелін, валюта және пайыз тәуекелін қамтиды:

а) қор тәуекелі

Банк бағалы қағаздарға нарық баға белгіленімдерін қолайсыз өзгерту салдарынан қор тәуекеліне ұшырағыш. Осы тәуекелді бағалау үшін Эмитент Value At Risk (VAR) әдістемесін пайдаланады. Қор тәуекелін азайту мақсатында лимиттер жүйесі пайдаланылады, бағалы қағаздарына қаражат салынатын эмитенттердің тізімінде шектеулерді, бағалы қағаздар портфелінің құрылымына лимиттерді, жеке эмитенттің бағалы қағаздарына салынатын салымдар көлеміне және шығарылымына лимиттерді, «stop-loss» максималды шығындарға лимиттерді қамтиды.

б) валюталық тәуекел

Эмитенттің қаржы жағдайы басты шетелдік валюталарды айырбастау бағамдарының ауытқу әсеріне ұшырағыш.

Эмитенттің ішкі ережелеріне сәйкес ашық валюта позициялары бойынша шектеулері бар. Айырбастау бағамдарының болашақ өзгерістері мен АҚШ долларының, басқа валюталардың құбылмалығы Эмитенттің шетел валютасы бойынша позициясына теріс әсер етуі мүмкін.

в) пайыздық тәуекел

Эмитент пайыздық кіріске тән пайыздарды төлеу жөніндегі міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелері мен активтер арасындағы сәйкессіздіктер салдарынан пайыздық мөлшерлеме тәуекеліне ұшырағыш. Эмитенттің активтері мен міндеттемелерінің, баланстан тыс қаржы құралдарының құрамын талдау арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру сезімталдығына мониторинг жүргізетіндігіне қарамастан, пайыздық мөлшерлеменің ауытқулары қызмет нәтижелері мен Эмитенттің қаржы жағдайына теріс әсер етеді.

Өтімділік тәуекелі

Эмитент 2007 жылдың басынан қарыз алушыларға кредит бере бастады, 2012 жылғы 1-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша баланстық жоба портфелінің мөлшері 1 811,41 млн. АҚШ долл. құрады. Эмитенттің жоба портфелінің үзіксіз өсуі қаржыландыру үшін жобалар санының жеткілікті болуына байланысты. Эмитенттің критерийлері мен кредиттік саясаттың талаптарына жауап беретін даму жөніндегі қосымша жобаларының болмауы Эмитенттің активтерінің өсуін қолдау қабілетіне әсер ете алады, қызмет нәтижелері мен қаржы жағдайының нәтижелеріне теріс әсер ете алады. Эмитент осындай жобаларды қаржыландыруды, соның ішінде банктерден қарыз алу және халықаралық және жергілікті капитал нарықтарында бағалы қағаздар шығару арқылы қаржыландыруды болжайды. Халықаралық және жергілікті капитал нарықтарында кез келген құбылмалылық, соның ішінде пайыздық мөлшерлеменің жоғарылауы Эмитент үшін қаржыландыру құнын ұлғайтуға алып келеді, бұл өз кезегінде, операцияларға, қызмет нәтижелері мен қаржы жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Операциялық тәуекел

Эмитент операциялық тәуекелдерге ұшырағыш. Операциялық тәуекел – ішкі процестердің немесе жүйелердің немесе сыртқы оқиғалардың барабар болмауынан немесе қате болуынан шығындар тәуекелі. Эмитент қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар тарапынан алаяқтыққа, қызметкерлер жасайтын санкцияланбаған

транзакцияларға, операциялық қателерге, техникалық қателерге немесе есеп жазуларындағы қателерге, сондай-ақ компьютерлік немесе телекоммуникациялық жүйелердің ақау болу нәтижесіндегі қателерге ұшырағыш.

Эмитент өз ойынша тәуекелден қорғауды қамтамасыз ететін, операциялық тәуекелді бақылау және мониторинг үшін әзірленген бақылау жүйесін жүргізеді. Әйтсе де, Эмитент аталған жүйенің болашақта тәуекелдерді табуы немесе анықтауды бақылай алмауынан шығындар көтермейді деп қандай да бір кепілдік берілмейді. Сәйкесінше, Эмитенттің ішкі процедураларының немесе жүйелерінің ықтимал барабар болмауынан анықталмай қалған қателерге немесе санкцияланбаған транзакцияларға жол берілуі мүмкін немесе Эмитенттің сақтандыру қамтамасыз етуі Эмитенттің қаржы жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне қомақты қолайсыз әсер ететін транзакциялар немесе қателер нәтижесінде туындаған Эмитент шығындарының орнын толтыру үшін жеткілікті болмауы мүмкін.

Құқықтық тәуекел

Эмитенттің құқықтық жағдайы 2006 жылғы 12 қаңтардағы Еуразиялық банкті құру туралы келісіммен, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуразиялық банк арасындағы 2006 жылғы 17 маусымда Ресей Федерациясының аумағында Еуразиялық даму банкінің болу шарттары туралы келісіммен реттеледі. Аталған халықаралық келісімдерге сәйкес Эмитент мүлікке, кірістерге, активтер мен операцияларға салық салу саласындағы бірқатар артықшылықтар мен жеңілдіктерді пайдаланды, жекелеп алғанда, нақты бір қызмет түрлері үшін төлемдерді есептемегенде ез келген салықтардан, алымдардан, баж салықтарынан, басқа да төлемдерден босатылған. Сондай-ақ ЕАБР қатысушы мемлекеттердің уәкілетті органдары тарапынан лицензия алу, қадағалау, реттеу талаптарынан босатылған, оған қатысушы мемлекеттердің аумағында преференциалдық кредитор мәртебесі берілген.

- Эмитент қатысушыларының аумағындағы Эмитенттің мүлкі мен активтері тінту, реквизиция, тыйым салу, тәркілеу, экспроприация немесе кез келген басқа алу түрінен немесе ақырғы сот шешімі шығарылғанға дейін меншіктен шығару иммунитеттеріне ие.
- Эмитенттің мақсаттарына жету және функцияларын орындау үшін қажетті шамада және Эмитент Жарғысының ережелерін есепке ала отырып, Эмитенттің барлық мүлкі мен активтері қандай да бір шектеулерден, мораторийлерден бос.
- Өкілеттіктерді атқару болып табылмайтын немесе осы өкілеттіктерді атқарумен байланысты емес жағдайларды есепке алмағанда Эмитент кез келген сот тексеруінен иммунитетке ие.
- Эмитентке дәрменсіздік (банкроттық) туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелері қолданылмайды. Операцияларды ақырғы тоқтату және Эмитентті тарату процедурасы 2006 жылғы 12 қаңтардағы Еуразиялық даму банкі құру туралы келісімде көрсетілген.

Жоғарыдағыға байланысты Эмитент валюталық реттеуді, салық заңнамасын, кедендік бақылау ережелерін, қаржы нарықтарындағы қызметті лицензиялау жөніндегі талаптарды, Қазақстан Республикасындағы сот практикасының өзгеруімен байланысты құқықтық тәуекелдерді теріс әсер ететін тәуекелдер деп санайды.

Сондай-ақ бір де бір міндеттемелерден немесе Эмитент шығарған бағалы қағаздардан, сондай-ақ дивидендтерден, кімнің ұстаушы болғанына қарамастан, пайыздардан Қазақстан Республикасында Эмитентке қатысты бөлек сипатқа ие салықтар салынбайды немесе салық салу үшін жалғыз заңды негіз: аталған міндеттемелердің немесе бағалы қағаздардың шығарылған жері; шығарылған, төленуге тиіс немесе төленетін валюта; қандай да бір мекеменің орналасқан жері немесе Эмитентке тиесілі қызмет жері.

Осы бағдарлама Қазақстан Республикасындағы ұстаушылар арасында бағалы қағаздар оған сәйкес орналастырылатын Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасы болғандықтан, жоғарыда аталған халықаралық келісімдерді қолдану тәжірибесі Эмитенттің бағалы қағаздарына салық салу бөлігінде осы Облигациялық бағдарлама проспектіне қол қойылған күні болған жоқ.

Эмитенттің ойынша қаржы жағдайына немесе Облигациялар бойынша төлем төлеу қабілетіне қомақты әсер ете алатын қандай да бір ағымда немесе болашақта сот процестері туралы ақпарат жоқ.

Халықаралық мәртебесіне қарамастан, Эмитент белгілі бір келісімдер бойынша белгіленген иммунитеттер мен артықшылықтардан бас тартқан жағдайларда, сондай-ақ қатысушы мемлекеттер тарапынан Эмитенттің халықаралық қаржы инфрақұрылымына рұқсатына әсер ететін әрекеттер атқарылған жағдайларда құқықтық

тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Мұндай жағдайларда Эмитент ықтимал мүдде дауларына, құқықтық нормалар қайшылығына, әдеп нормаларына, қылмыстық жолмен алынған қаражатты жылыстатуға қарсы әрекет нормаларына, акшаны жылыстатумен күресу үшін мемлекеттер қолданатын бірқатар санкцияларға кездесуі мүмкін. Мұндай тәуекелдерден аулақ болу үшін Эмитент қажетті комплаенс-процедураларды жүргізіп, ішкі бақылау жүйесін қолайды. Әйтсе де, Эмитент осы процедуралар Эмитенттің қызметіне теріс әсер ететін құқықтық тәуекелдерді тоқтату үшін жеткілікті болмау тәуекелін жоққа шығара алмайды.

Іскерлік бедел тәуекелі (бедел тәуекел)

Эмитент бедел тәуекелдерін стратегиялық тәуекелдерге жатқызады, оларды азайту үшін бірыңғай ішкі бақылау жүйесін қолданады. Соның ішінде бедел тәуекелдері Банктің халықаралық қаржы даму институты ретіндегі мәртебесіне сәйкес кәсіби әдептің жоғары стандарттарын сақтау, Банк қызметкерлерінің жоғары кәсіби деңгейін қолдау және операциялар мен мәмілелер жасағанда мүдде дауын болдырмау арқылы төмендетіледі.

Стратегиялық тәуекел

Стратегиялық тәуекел дұрыс таңдалмаған шешім тәуекелін білдіреді немесе орта және ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға әсер етеді. Форс-мажор жағдайлары және әлеуметтік және макроэкономикалық толқулар, ғаламдық табиғат апаттары сияқты басқа да жағдайлар стратегиялық тәуекелдердің ажырамас бір бөлігі болып табылады, өз кезегінде Эмитенттің жоспарланған мақсаттарына жетуіне теріс әсер етуі мүмкін. Осы оқиғаларды болжау белгісіздіктің жоғары деңгейімен байланысты, сондықтан Эмитент менеджменті осындай жағдай болғанда егжей-тегжейлі есептелген стратегиялық және балама жағдай жоспарларына мұқтаж.

Сондай-ақ ЕАБР Кеңесінің жанында Стратегия жөніндегі комитет құрылған, Қаржы министрінің орынбасары С.А.Сторчак оның төрағасы, ал Банк пен қатысушы мемлекеттердің өкілдері Стратегия жөніндегі комитеттің мүшелері болып табылады. Комитет стратегиялық мәселелер бойынша алдын ала шешім қарастыру үшін жауапты тұрақты әрекет ететін қосалқы алқалық кеңес беру-кеңесуші орган болып табылады. Стратегия жөніндегі комитет 2011 жылы жұмысын бастаған.

Эмитент ұзақ мерзімді жоспарлау, бизнес-жоспарларды, корпоративтік басқару жүйесін және инвестициялық қызметті регламенттеу, Банк қызметінің мөлдір болуын қамтамасыз ету, қалыптасқан ішкі бақылау және комплаенс-бақылау жүйесі негізінде стратегиялық тәуекелдерді басқарады.

Эмитент жоғары кредит сапасына ие, жоғарыда сипатталған тәуекелдерді басқару бойынша белгіленген саясат жүргізеді, осыған байланысты Эмитент стратегиялық тәуекелдерін минималды деп бағалайды. Қарастырылатын тәуекел факторлары туралы осы тармақтың кез келген ережелеріне қарамастан, тәуекелдің жоғарыда сипатталған факторлары Эмитент шығарылған бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерін орындай алмайды деп түсінуге негіз беретін ретінде қарастырылмау керек.

IV. ЭМИТЕНТ ЖӘНЕ ОЛ ОРНАЛАСТЫРҒАН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

4.1. Бірінші облигациялық бағдарлама проспекті тіркелген кезде айналымдағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
1. Еурооблигациялар, АҚШ долларына деноминацияланған, мерзімі - 5 жыл, өтеу күні: 2014 жылғы қыркүйек, XS0454897363/US29843YAA38	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	
Негізгі қарыз сомасы	500 000 000 АҚШ дол.
Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	5 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	7,375%
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	10
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер	Жоқ

саны, мөлшері, күн	
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	29.09.2014
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	–
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Облигациялар Лондон қор биржасының листингіне енгізілген. Облигациялар Орта мерзімді қарыз бағдарламасының (Euro-Medium Term Notes Programme) шеңберінде шығарылған. Облигацияларға үш халықаралық рейтинг агенттігінің рейтингтері берілген және Эмитенттің корпоративтік рейтингтеріне сәйкес келеді.

Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
2. Еурооблигациялар, қазақстан тенгесіне деноминацияланған, мерзімі - 5 жыл, өтеу күні: 2014 жылғы сәуір, XS0426508627	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	
Негізгі қарыз сомасы	20 000 000 000 теңге
Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	5 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	8,0%
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	10
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер саны, мөлшері, күн	Жоқ
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	28.04.2014
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	–
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ листингіне енгізілген. Облигациялар Орта мерзімді қарыз бағдарламасының (Euro-Medium Term Notes Programme) шеңберінде шығарылған. Облигацияларға үш халықаралық рейтинг агенттігінің рейтингтері берілген және Эмитенттің корпоративтік рейтингтеріне сәйкес келеді.

Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
3. Еурокоммерциялық облигациялар, АҚШ долларына деноминацияланған, мерзімі - 1 жыл, өтеу күні: 2013 жылғы қаңтар, XS0733165020	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	
Негізгі қарыз сомасы	50 000 000 АҚШ дол.
Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	1 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	дисконттық
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	-
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер саны, мөлшері, күн	Жоқ
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	17.01.2013
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	-
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Дисконттық ноталар Коммерциялық қағаздар бағдарламасының (Euro-Commercial Paper Programme) шеңберінде шығарылған. Облигацияларға рейтингтер берілген жоқ.

Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
4. Облигациялар, ресей рубліне деноминацияланған, мерзімі - 7 жыл, өтеу күні: 2016 жылғы қазан, RU000A0JQH85	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	

Негізгі қарыз сомасы	5 000 000 000 рубль
Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	7 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	7,5%
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	14
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер саны, мөлшері, күн	Жоқ
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	25.10.2016
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	-
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Облигациялар «Фондовая биржа ММВБ» ЖАҚ листингіне енгізілген. Облигацияларға рейтингтер берілген жоқ.

Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
5. Облигациялар, ресей рубліне деноминацияланған, мерзімі - 7 жыл, өтеу күні: 2018 жылғы ақпан, RU000A0JR0Q5	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	
Негізгі қарыз сомасы	5 000 000 000 рубль
Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	7 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	7,7%
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	14
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер саны, мөлшері, күн	Жоқ
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	06.02.2018
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	-
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Облигациялар «Фондовая биржа ММВБ» ЖАҚ листингіне енгізілген. Moody's халықаралық рейтинг агенттігінің А3 деңгейіндегі рейтингіне енгізілген.

Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
6. Облигациялар, ресей рубліне деноминацияланған, мерзімі - 7 жыл, өтеу күні: 2019 жылғы қаңтар, RU000A0JR050	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	
Негізгі қарыз сомасы	5 000 000 000 рубль
Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	7 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	8,5%
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	28
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер саны, мөлшері, күн	Жоқ
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	28.01.2019
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	-
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Облигациялар «Фондовая биржа ММВБ» ЖАҚ листингіне енгізілген. Облигацияларға рейтингтер берілген жоқ.

Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
7. Облигациялар, ресей рубліне деноминацияланған, мерзімі - 7 жыл, өтеу күні: 2019 жылғы ақпан, RU000A0JR043	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	
Негізгі қарыз сомасы	5 000 000 000 рубль

Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	7 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	8,5%
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	28
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер саны, мөлшері, күн	Жоқ
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	21.02.2019
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	-
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Облигациялар «Фондовая биржа ММВБ» ЖАҚ листингіне енгізілген. Облигацияларға рейтингтер берілген жоқ.
Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
8. Еурооблигациялар, АҚШ долларына деноминацияланған, мерзімі - 10 жыл, өтеу күні: 2022 жылғы қыркүйек, XS0831571434/US29843YAB11	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	
Негізгі қарыз сомасы	500 000 000 АҚШ дол.
Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	10 жыл
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық қарыз, % жылдық	4,767%
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	20
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер саны, мөлшері, күн	Жоқ
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	20.09.2022
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	-
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Облигациялар Лондон қор биржасының листингіне енгізілген. Облигациялар Орта мерзімді қарыз бағдарламасының (EMTN Programme) шеңберінде шығарылған. Облигацияларға үш халықаралық рейтинг агенттігінің рейтингтері берілген және Эмитенттің корпоративтік рейтингтеріне сәйкес келеді.

Міндеттеме түрі және сәйкестендіру белгілері	
9. Еурооблигациялар, АҚШ долларына деноминацияланған, мерзімі - 5 жыл, өтеу күні: 2017 жылғы қазан, XS0837020014	
Міндеттеме талаптары және орындалуы туралы мәліметтер	
Негізгі қарыз сомасы	5 000 000 000 рубль
Бағалы қағаздардың айналым мерзімі	5
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық қарыз, % жылдық	8,0%
Пайыздық (купондық) кезеңдер саны	10
Кредит (қарыз) бойынша пайыз төлегенде мерзімін кешіктіру, болса, аталған кешіктірулер саны, мөлшері, күн	Жоқ
Кредитті (қарызды) жоспарлы өтеу мерзімі (күні)	05.10.2017
Кредитті (қарызды) нақты өтеу мерзімі (күні)	-
Эмитент қалауы бойынша көрсететін басқа жағдайлар туралы басқа мәліметтер	Облигациялар Лондон қор биржасының листингіне енгізілген. Облигациялар Орта мерзімді қарыз бағдарламасының (Euro-Medium Term Notes Programme) шеңберінде шығарылған. Облигацияларға үш халықаралық рейтинг агенттігінің рейтингтері берілген және Эмитенттің

4.2. Қамтамасыз етумен эмитенттің облигациялары бойынша қамтамасыз ету берген тұлға (тұлғалар) туралы, сондай-ақ қамтамасыз етумен эмитенттің облигациялары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету талаптары туралы мәліметтер

Эмитент облигацияларын қамтамасыз етумен орналастырған жоқ.

4.3. Ипотекалық орын толтырумен облигациялар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету талаптары

Эмитент ипотекалық орын толтырумен облигацияларын орналастырған жоқ.

4.4. Эмитенттің жоғарғы басқару органының жиналысын (отырысын) шақыру және өткізу тәртібі туралы мәліметтер

Эмитенттің жоғарғы басқару органының атауы

Банк қызметіне жалпы басшылық жасайтын Банк Кеңесі Эмитенттің жоғарғы басқару органы болып табылады. Банктің әрбір қатысушысы Банк Кеңесіне Банк Кеңесінің мүшелері болып табылатын бір уәкілетті өкілін және орынбасарын тағайындайды және ресми түрде Банкке бұл туралы хабарлайды. Банк Кеңесі жыл сайын уәкілетті өкілдерінің біреуін Банк Кеңесінің келесі Төрағасы сайланғанға дейін міндеттерін орындайтын Банк Кеңесінің Төрағасы етіп сайлайды.

Акционерлерге (қатысушыларға) Эмитенттің жоғарғы басқару органының жиналысын (отырысын) өткізу туралы хабарлау тәртібі

Банк Кеңесі қажет болғанда, бірақ жылына кем дегенде екі рет отырыстарын өткізеді. Кезекті отырыс өтетін күнді Банк Кеңесі алдыңғы отырысында белгілейді. Банк Кеңесінің Төрағасы Банк Кеңесінің барлық мүшелеріне және Банк Басқармасының Төрағасына Банк Кеңесінің кезекті және кезектен тыс отырыс өтетін күнге дейін қалған 20 күннен кешіктірмей хабарлама жіберіп, хабарлама алғандығы туралы растама алады.

Банк Кеңесінің мүшелері, сондай-ақ Банк Басқармасының Төрағасы кезекті отырыстың белгіленген күнін өзгерту туралы ұсыныс енгізе алады. Осындай ұсыныстар кезекті отырыс басталатын күнге дейін қалған кем дегенде 30 күн бұрын Банк Кеңесінің Төрағасына берілуі керек, ол кеңесу үшін осы ұсыныстар туралы Банк Кеңесінің барлық мүшелеріне хабарлайды.

Банктің әрбір қатысушысы Банктің жарғылық капиталындағы әрбір төленген акция үшін бір дауысқа ие. Банк Кеңесі отырыстарын қажет болғанда, бірақ жылына кем дегенде екі рет өткізеді.

Эмитенттің жоғарғы басқару органының кезектен тыс жиналысын (отырысын) шақыруға (өткізуді талап етуге) құқылы тұлғалар (органдар), сондай-ақ осындай талаптарды жіберу (ұсыну) тәртібі

Банк кеңесінің кезектен тыс отырыстары Банк басқармасының немесе төрағасының, сондай-ақ үлесіне Банктің төленген жарғылық капиталындағы дауыстардың кем дегенде төрттен бірі келетін Банк қатысушысының немесе қатысушыларының бастамасы бойынша шақырылады. Банк Кеңесінің кезектен тыс отырысын өткізу туралы ұсыныстар Банк Кеңесінің Төрағасына жіберіледі, ол Банк Кеңесінің барлық мүшелеріне, Банк Басқармасының Төрағасына бұл туралы хабарлайды. Үлесіне төленген жарғылық капиталдың кем дегенде төрттен үш келетін қатысушылар келісетіндігі туралы хабарласа, Банк кеңесінің кезектен тыс отырысын өткізу туралы шешім қабылданған деп саналады.

Банк Кеңесінің Төрағасы төтенше жағдайларда Банк Кеңесінің мүшелерімен алдын ала кеңеспей кезектен тыс отырыс шақыра алады.

Эмитенттің жоғарғы басқару органының жиналысын (отырысын) өткізу күнін анықтау тәртібі

Кезекті отырыс өтетін күнді Банк Кеңесі алдыңғы отырыста белгілейді.

Эмитенттің жоғарғы басқару органының кезектен тыс жиналысының (отырысының) күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге құқылы тұлғалар, сондай-ақ осындай ұсыныстарды енгізу тәртібі

Басқарма Кеңесі Банк Кеңесінің кезекті отырысының алдын ала күн тәртібін әзірлеп, қысқа мерзімде, кезекті отырыс өтетін күнге дейін қалған 30 күннен кешіктірмей Банк Кеңесінің барлық мүшелеріне жібереді. Кезекті отырыстың алдын ала күн тәртібіне жұмыс жоспарымен қарастырылған мәселелер, сондай-ақ Банк Кеңесінің мүшелері мен Банк Басқармасы Төрағасының ұсыныстары енгізіледі.

Банк Кеңесінің мүшелері мен Банк Басқармасының Төрағасы кезекті отырыстың алдын ала жасалған күн тәртібіне, сондай-ақ кезектен тыс отырыстың күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізу немесе алдын ала жасалған күн тәртібінен мәселелерді алып тастау туралы ұсыныстар жасай алады. Банк Кеңесі мүшелерінің ұсыныстары Банк Басқармасына жіберіледі, ол бірден Банк Кеңесінің барлық мүшелеріне келісу үшін келіп түскен барлық ұсыныстарды жібереді.

Келісілген қосымша мәселелерді Банк Басқармасы алдын ала жасалған күн тәртібіне енгізеді. Отырыс басталғанға дейін келісілмеген ұсыныстарды Банк Кеңесі күн тәртібін бекіткенде қарастырады. Қажет болған жағдайда күн тәртібіне бірден шешім талап етілетін мәселелер енгізілуі мүмкін. Отырыс барысында Банк Кеңесі күн тәртібіндегі мәселелерді алып тастап, кейінге қалдырып немесе өзгертіп, өзі бекіткен күн тәртібін қайта қарастыруға құқылы.

Эмитенттің жоғарғы басқару органының жиналысын (отырысын) дайындау және өткізу үшін берілетін ақпаратпен (материалдармен) танысуға құқылы тұлғалар, сондай-ақ осындай ақпаратпен (материалдармен) танысу тәртібі

Банк Кеңесінің жұмыс жоспарына және кезекті немесе кезектен тыс отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешім қабылдау, талқылау үшін қажетті материалдар мен құжаттаманы тиісті ұсыныстар енгізген Банк Кеңесінің мүшелері немесе Банк Басқармасы әзірлеп, Кеңес талқылауына ұсынады.

Банк Кеңесі жұмыс жоспарының жобасын, алдын ала жасалған күн тәртібін қарастырғанда өз құрамынан немесе Банк басқармасының құрамынан осындай материалдар мен құжаттаманы әзірлеу үшін жауапты тұлғаларды белгілей алады. Банк Басқармасы Банк Кеңесінің отырысы басталғанға дейін қалған 30 күннен кешіктірмей Банк Кеңесінің мүшелеріне әзірленген материалдар мен құжаттаманы жібереді.

Банк Кеңесінің мүшелері Банк қызметіне қатысты құпия ақпаратты таратпау туралы келісімге қол қойып, қызметпен қамтамасыз ететін ведомстволардың қызметкерлерінің Банк қызметінің барлық мәселелеріне қатысты құпиялық режимін сақтау үшін Банктің қатысушы мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

Эмитенттің жоғарғы басқару органы қабылдаған шешімдерді, сондай-ақ дауыс беру нәтижелерін жариялау (эмитенттің акционерлеріне (қатысушыларына) жеткізу) тәртібі

Банк Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Банк Кеңесінің мүшелері отырыс соңында келісетін хаттамада тіркеледі. Банктің мөрімен куәландырылған хаттама көшірмелері хаттамаға қол қойылғаннан кейін үш күннен кешіктірілмей Банк Кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі. Қажет болған жағдайда Банк Кеңесінің шешімдері Банк Кеңесінің отырыс хаттамасынан алынған үзінді жазбаны жіберу арқылы немесе Банк Кеңесінің қалауымен басқа жолмен мүдделі тараптарға жеткізіледі. Мүдделі араптардың тізімін Банк Кеңесі анықтайды.

Пронумеровано и прошнуровано на 57 стр
Евразийский банк развития

